

Өткізілуі қосылған құн салығынан босатылатын көлік құралдары және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының, сондай-ақ олардың құрамдастарының тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 138 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 сәуірде № 16757 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 2025 жылғы 26 қарашадағы № 508 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күшін жойылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 26.11.2025 № 508 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.04.2021 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т қараңыз.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 394-бабының 38) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Өткізілуі қосылған құн салығынан босатылатын көлік құралдары және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының, сондай-ақ олардың құрамдастарының тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 29.04.2021 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау

банкiне ресми жариялау және енгiзу үшiн "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргiзу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсiпорнына жiберудi;

3) осы бұйрық мемлекеттік тiркелгеннен кейiн күнтiзбелiк он күн iшiнде оның көшiрмелерiн мерзiмдi баспа басылымдарына ресми жариялауға жiберудi;

4) осы бұйрық ресми жарияланған күннен кейiн оны Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігiнiң интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тiркелгеннен кейiн он жұмыс күнi iшiнде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес iс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердi Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігiнiң Заң департаментiне ұсынуды қамтамасыз етсiн.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшiлiк ететiн Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрiне жүктелсiн.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және
даму министрi

Ж. Қасымбек

"КЕЛiСiЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрi

_____ Б. Сұлтанов

2018 жылғы 2 наурыз

"КЕЛiСiЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрi

_____ Т. Сүлейменов

2018 жылғы 27 наурыз

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрiнiң
2018 жылғы 27 ақпандағы
№ 138 бұйрығымен
бекiтiлген

Өткiзiлуi қосылған құн салығынан босатылатын көлiк құралдары және (немесе) ауыл шаруашылығы техникасының, сондай-ақ олардың құрамдастарының тiзбесi

Ескерту. Тiзбе жаңа редакцияда - ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрiнiң 29.04.2021 № 206 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi); өзгерiс енгiзiлдi - ҚР

Өнеркәсіп және құрылыс министрінің м.а. 20.03.2025 № 98 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

№ р/с	Атауы	ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауардың коды
1	Сұйықтықтарды немесе ұнтақтарды лақтыруға, шашыратуға немесе тозандатуға арналған механикалық құрылғылар (қолмен басқару тетігі бар немесе онысыз); толтырылған немесе толтырылмаған от сөндіргіштер; пульверизаторлар және соған ұқсас құрылғылар; бу немесе құм себелейтін және осыларға ұқсас лақтыру құрылғылары: ауыл шарушылығына немесе бағбандыққа арналған шашыратқыштар: өзгелер; ауыл шарушылығына немесе бағбандыққа арналған	842449, 842482
2	Басқа да жүк көтеруге, өткізуге, тиеуге немесе түсіруге арналған машиналар мен құрылғылар (мысалы, лифтілер, эскалаторлар, конвейерлер, аспалы жолдар) өзгелер: өзге де жабдықтар: ауыл шаруашылығында пайдалану үшін арнайы әзірленген жүктегіш құрылғылар; ауыл шаруашылығы тракторларына ілу үшін әзірленген	8428 90 710 0
3	Бұрылмайтын күрегі бар бульдозерлер; грейдерлер, жоспарлаушылар, скреперлер, механикалық күректер, эксковаторлар, бір шөмішті тиегіштер, тегістейтін машиналар, өздігінен жүретін жол аунақтары	8429
4	Жерді дайындауға және өңдеуге арналған ауыл шаруашылығы, бау-бақша, орман шаруашылығы машиналары; көгалдар мен спорт алаңдарына арналған аунақтар	8432
	Сабанды немесе пішенді дестелерге буып-түюге арналған престерді, тайлағыш престерді қоса алғанда, ауыл шаруашылығы дақылдарын жинауға немесе бастыруға арналған машиналар	

5	немесе тетіктер; пішен орақтары немесе көгал орақтары; 8437 тауар позициясының машиналарынан басқа жұмыртқаны, жеміс өнімдерін немесе басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін тазалауға, сорттауға немесе сұрыптауға арналған машиналар	8433
6	Аталған топтың басқа жерінде аталмаған және енгізілмеген дербес функциялары бар машиналар мен механикалық құрылғылар: өзгелер: өзгелер	8479 89 970 8
7	Тракторлар (8709 тауар позициясы тракторларынан басқа)	8701
8	Жүргізушіні қоса алғанда, 10 немесе одан астам адамдарды тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары	8702
9	Жүк-жолаушы автомобиль-фургондар мен жарыс автомобильдерін қоса алғанда, жеңіл автомобильдер және негізінен адамдарды тасымалдауға (8702 тауар позициясының моторлы көлік құралдарынан басқа) арналған өзге де моторлы көлік құралдары	8703
10	Жүктерді тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары	8704
11	Жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау үшін пайдаланылатындардан басқа, арнайы мақсаттағы моторлы көлік құралдары (мысалы, авариялық жүк автомобильдері, автокрандар, өрт сөндіру көлік құралдары, автобетонараластырғыштар, жол тазалауға арналған автомобильдер, су себу-жуу автомобильдері, автошеберханалар, рентген қондырғылары бар автомобильдер)	8705
12	8701-8705 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарына арналған орнатылған қозғалтқыштары бар шассилер	8706
13	Орнатылған қосалқы қозғалтқышы бар, арбасы бар немесе арбасыз мотоциклдар (мопедтерді қоса алғанда) және велосипедтер; арбалар	8711

14	Тіркемелер мен жартылай тіркемелер; өзге де өздігінен жүрмейтін көлік құралдары; олардың бөлшектері	8716
15	Көлік құралдарына арналған бекіту бұйымдары мен фурнитура немесе пластмассадан жасалған ұқсас бұйымдар және 3901 - 3914 тауар позицияларының өзге де материалдарынан жасалған бұйымдар	3926 30 000 0
16	Өзгелері, пластмассадан жасалған өзге де бұйымдар және 3901-3914 тауар позицияларының өзге де материалдарынан жасалған бұйымдар	3926 90 970 9
17	Жаңа пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар	4011
18	Қатты резеңкеден басқа, вулканизацияланған резеңкеден жасалған өзге де еден төсеніштері мен кілемшелер	4016 91 000 0
19	Көлік құралдарына арналған артқы көрініс айналары	7009 10 000
20	Қысымнан тұтанатын поршеньді Іштен жану қозғалтқыштары (дизельдер немесе жартылай дизельдер)	8408
21	Тек қана немесе негізінен 8407 немесе 8408 тауар позициясының қозғалтқыштарына арналған бөліктер	8409
22	Айналмалы әрекетті суару жүйесі және фронтальды әрекетті суару жүйесі	8424 49 100 0
23	Тракторларға орнатуға немесе тракторлармен сүйретуге арналған ауыл шаруашылығына немесе бағбандыққа арналған бүріккіштер	8424 49 910 0
24	Тракторларға орнатуға немесе тракторлармен сүйретуге, ауыл шаруашылығына немесе бағбандыққа арналған ұнтақтарды бөлгіштер	8424 82 910 0
24	Ауыл шаруашылығына немесе бағбандыққа арналған өзге де құрылғылар, өзгелері	8424 82 990 0
26	Ауыл шаруашылығында пайдалану үшін арнайы әзірленген өзге де тиеу құрылғылары	8428 90 790 0

27	Сокалы және роторлы қар тазалағыштар	8430 20 000 0
28	Тікбұрышты (оның ішінде шаршы) немесе өзге нысандағы сепараторларды қоса алғанда, электр аккумуляторлары	8507
29	Моторлы көлік құралдарында, ұшақтарда немесе кемелерде пайдаланылатын оталдыру шырақтарына арналған сымдардың өзге де жиынтықтары және сымдардың жиынтықтары	8544 30 000 7
30	8701-8705 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарына арналған (кабиналарды қоса алғанда) шанақтар	8707
31	8701-8705 тауар позицияларының моторлы көлік құралдарының бөліктері мен керек-жарақтары	8708
32	Күрделі полиэфирлерге, акрил немесе винил полимерлерге, синтетикалық полимерлерге немесе химиялық түрлендірілген табиғи полимерлерге негізделген, сулы емес ортада шашыратылған немесе ерітілген басқа да бояулар мен лактар (эмальдар мен политураларды қоса алғанда)	3208 10 900 0 3208 20 900 1 3208 20 900 9 3208 90 910 1 3208 90 910 9 3208 90 990 0
33	Акрил немесе винил полимерлерге , синтетикалық полимерлерге немесе химиялық түрлендірілген табиғи полимерлерге негізделген, сулы ортада шашыратылған немесе ерітілген басқа да бояулар мен лактар (эмальдар мен политураларды қоса алғанда)	3209 10 000 1 3209 10 000 9 3209 90 000 0
34	Пластмассадан жасалған өзі жабысатын, рулонда немесе рулонда емес тақтайлар, табақтар, пленка, белдіктер, таспалар және өзге де жазық нысандар	3919 90 000 0
35	Қатты резеңкеден басқа, вулканизацияланған резеңкеден жасалған 8701-8705 тауар позициясындағы моторлы көлік құралдарына арналған өзге де бұйымдар	4016 99 570 9
36	Химиялық тоқыма материалдардан жасалған өзге де мата кілемшелер мен өзге де тоқыма еден төсеніштері	5702 32 900 0

37	Моторлы көлік құралдарына арналған өзге де бекіту арматурасы, фурнитура және ұқсас бөлшектер	8302 30 000
38	Ауаның температурасы мен ылғалдылығын өзгертуге арналған қозғалтқышы бар желдеткішпен және аспаптармен жабдықталған ауаны баптауға арналған қондырғылар, соның ішінде моторлы көліктердегі адамдар үшін пайдаланылатын ылғалдылық бөлек реттелмейтін кондиционерлер	8415 20 000
39	Қозғалтқышы бар желдеткішпен және ауа температурасы мен ылғалдылығын өзгертуге арналған аспаптармен жабдықталған, ылғалдылығы бөлек реттелмейтін кондиционерлерді қоса алғанда, ауаны баптауға арналған қондырғылардың бөліктері	8415 90 000
40	Ауыл шаруашылығы өнімдеріне арналған өзге де кептіргіштер	8419 34 000 0
41	Ауыл шаруашылығына және бағбандыққа арналған суаруға арналған өзге де құрылғылар	8424 82 100 0
42	Тауарларға немесе материалдарға арналған үздіксіз қозғалыстағы өзге де шөмішті элеваторлар мен конвейерлер	8428 32 000 0
43	Тауарларға немесе материалдарға арналған үздіксіз қозғалыстағы өзге де ленталы элеваторлар мен конвейерлер	8428 33 000 0
44	Тауарларға немесе материалдарға арналған үздіксіз қозғалыстағы өзге де элеваторлар мен конвейерлер	8428 39 900 9
45	Өзге де ауыл шаруашылығына, бағбандыққа, орман шаруашылығына, құс шаруашылығына және омарташылыққа арналған жабдықтар, соның ішінде механикалық немесе жылытқыш құрылғылары бар тұқым өсіруге арналған жабдықтар; құс шаруашылығына арналған инкубаторлар мен брудерлер	8436 80 900 0

46	Тұқымды, астықты және құрғақ бұршақ дәнді дақылдарды тазартуға, сұрыптауға немесе іріктеуге арналған машиналар;	8437 10 000 0
47	Аккумуляторларды зарядтауға арналған өзге де құрылғылар	8504 40 550 0
48	Өзге де статикалық өзгерткіштер	8504 40 910 0
49	Көлік құралдарында пайдаланылатын, дыбыс жазатын немесе дыбыс шығарғыш аппаратурамен бірге орнатылған, сыртқы қорек көзінсіз жұмыс істей алмайтын кең ауқымда хабар таратқыш радиоқабылдағыштар	8527 21
50	Өзге де түрлі түсті мониторлар	8528 59 900 9
51	8604 тауар позициясына кіретіндерді қоспағанда, сыртқы электр энергиясы көзінен қоректенетін өзге де жолаушылар, тауар немесе багаж моторлы теміржол немесе трамвай вагондары, ашық платформалар	8603 10 000 8
52	Моторлы көлік құралдарында пайдаланылатын орындықтар	9401 20 000

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЕАЭО СЭҚ ТН – Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы.